

АҚЫН Қ.СӘРСЕНБАЕВ СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Әр ұлттың, әр халықтың әдебиетін алсақ та оның тек өзіне ғана тән өрнектері, өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Бұл көбінесе сол ұлт пен халықтың әдет-ғұрпынан, дәстүр-салтынан, тыныс-тіршілігінен, даму жолынан, өмірлік таным-түсінігінен, болмыс-бітімінен туындап жататыны анық. Алайда осы сөз өнеріне қатысты ұқсас тұстар, ортақ сипаттар да барлығы жасырын емес. Солардың бірі – әр елдегі аймақтық, өлкелік әдеби даму жайы. Елдің елдігін танытатын, өз ұлтының тарихымен тамырлас қазақ поэзиясына, қанша ғасырлар өтсе де қадір-қасиетін жоймайтын қазақ өлеңі атты шалқар дарияға тұс-тұстан құяр арналар сынды өңір, өлке жырларының барлығы кім-кімге де аян. Иә, бұл әлем әдебиетіне тән сипат. Себебі, бүкіл қаламгерді, ақын, жазушы, драматург атаулыны бір қалаға, не бір ауылға жинап қоя алмасыңыз белгілі ғой. Міне, осы аталған жәйт кез-келген ұлт әдебиетінің дамуындағы өлке, өңір әдебиеттерінің рөлін анықтау мәселесін күн тәртібіне қояды. Осы тұрғыдан келсек, қазақ әдебиетінде Арал-Сыр өңірі әдебиетінің алар орны айрықша екені анық.

Арал-Сыр өлкесіндегі әдебиет бұл күнде күллі қазақ жұртшылығына таныс. Осы өңірде туып, осы өңірде өмір сүрген Базар жырау, Бұдабай, Бітімбай, Қондыбай, Нұртуған, Нұрмағанбет, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Жаңаберген және т.б. болып жалғаса келіп кешегі ХХ-ғасырдың ортасына жетеді де, А.Тоқмағанбетов, З.Шүкіров және тағы да басқалар болып жыл санап айшықтана түсетін өлке әдебиетін байыта, молайта береді. Осы өңірде өмірге келіп, алғашқы шығармалары осы өлкеде жарық көрген көптеген қаламгерлер бүгінде бүкіл ел мақтанышына, қазақ әдебиетінің мақтанышына айналып отыр. Олар: Ә.Нұрпейісов, Ж.Әбдірашев, Ш.Сариев, А.Мархабаев, Ә.Тәжібаев, Қ.Мұхамеджанов, Қ.Нұрмаханов, Ж.Түменбаев, Иранғайып, А.Мекебаев, Т.Нұрмағанбетов, М.Қаназов, Қ.Асанов және т.б. Ал Ә.Әленов, Ә.Әлішев, С.Жұбатырұлы, Қ.Сүйініш, Қ.Данабаев, М.Нұрханов, М.Әміреев, С.Желдербаева және т.б. жоғарыда біз айтқан сапты толықтыра түседі.

Қазақ әдебиеті тарихында біздің соңғы атағандарымыздың көбісі айтылмайды., тек олардың шығармашылығы туралы мерзімді басылымдарда бірлі-жарым мақалалар ғана жарияланған. Жалпы елдің әдеби дамуын анықтауда өлке әдебиетінің рөлі бар дейтін болсақ осы өңірде ғұмыр кешуші қаламгерлер шығармашылығын ғылыми сараптап, сараламау, әдеби баға бермеу – жалпы ел әдебиеті дамуының нақты көрінісін айқындауда олқылық кетті деген болжамға әкеліп тіреледі.

Біз көтеріп отырған мәселе қазақ әдебиеттануында зерттеу нысанына айналмағанымен, яғни арнайы зерттелмегенімен жекелеген жазушылар, ақындар шығармашылығына, кезеңдер әдебиетіне қатысты сөз болғаны белгілі. Бірақ, арнайы қаралмағаны да ақиқат шындық.

Қаламгер шеберлігі – әдебиеттану ғылымында қай заманда, қай кезеңде болмасын аса маңызды, теориялық мәні өте зор мәселе болғаны белгілі және мұның осылай болып қала берері де даусыз жәйт. Бұл туралы әлем әдебиетінде пікірлер де аз емес. Мәселен, орыстың белгілі жазушысы К. Федин: «... Ал шеберлік шексіз, оның ұшы–қиырын табу қиын, өйткені әр суреткер «бар ғұмырын тек шеберлік жолына сарп етеді» – деген [1, 159.] болатын.

Міне, осындай бар ғұмырын көркем сөз кестесіне арнаған Арал-Сыр өңірі қаламгерлерінің бірі – Қалас Сәрсенбаев. Мезгіл, уақыт көшінде небір айтулы адамдар да, қарапайым пенделер де, небір хан да, бек те өтті ғой. Біз бүгін олардың бірін білсек, бірін білмейміз, бұл да – өмір заңы. Міне, осылайша уақыт шіркін бізден алыстатып бара жатқан, алайда бүкіл өмірін ел дамуына, өлең өнеріне арнаған дарынды азаматтардың бірі – ақын Қалас Сәрсенбаев екені анық.

Кешегі күнге дейін оның шығармашылығын көпшілікке белгісіз болып келді. 1960 жылдарға дейін өлеңдері, сықақтары аудандық, облыстық газеттерде, арагидік республикалық газеттерде жарияланғанмен оның шығармалары баспа бетін көрмеген. Міне, сол Қалас Сәрсенбаевтың кейбір шығармаларының менің қолыма тигеніне де бір-екі жыл

болыпты. Бұл шығармалар ақынның шаңырағында отырған келіні Күлайша (Ұлымбетова) Сәрсенбаева қолында сақталып, туысы Әлімжан Жүгінісов пен Айнұр Оразғұловтар жинақтаған дүниелер. Ал, Қалас ақынның баласы марқұм Ердана Сәрсенбаевтың жары Салтанаттың айтуынша оның көптеген шығармалары жойылып кеткен. Бәлкім, олар кейін табылып та қалар, бірақ, әзірге сол қолда барын қанағат етуге тура келеді.

Деректерге жүгінер болсақ, 1960 жылғы 24 қаңтардағы санында «Социалистік Арал» газеті Қалас ақын туралы «Елімізде социализм орнату жолындағы ұлы күрестің асқақ дүбіріне 1933 жылдан бастап үн қосқан журналист, әрі ақын Қалас Сәрсенбаевтың еңбегі ерекше.

Кәдірменді Қаластың жүрдек қаламынан саяси лирикалық өлендер мен шытырман оқиғалы дастандар, қызықты әңгімелер, өрелі очерктер туды. Оның жазған еңбектерінде жұмысшыларымыздың жарқын бейнесі жасалса, шаруашылығымыздың өркендеуіне аз-кем кедергі келтіретін тоңмойын тоғышарларды, арамтамақтарды шеберлікпен сықақтап, сынның көк найзасына іліп отырады. Оның жазған еңбектері кезінде Республикалық «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», облыстық «Ленин жолы» және аудандық газеттерде үзбей жарияланып тұрды.

1936 жылы «Қара құнан» деген айтыс-фельстон жазып, өз дарынын таныта білді. Міне шап, ұрда жықтан мені босат.

Біраз күн тынығайын арқам босап,

Есітем Құлқынбайға береді деп,

Орынсыз жоқ болмайын төрт қойға ұқсап- деп колхоз малына мейірімі келмейтін кейбір топас басшыларды Қара құнанның сөзі арқылы өлтіре сықақтайды. Ол 1939 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының екінші съезіне қатынасты.

Ақын Қалас соғыс жылдарында «Танк» деген дастан жазып, бұл шығармасына кезінде оқушылардан жақсы баға алды...» - деп жазады.

Қалас Сәрсенбаев 1914 жылы Сырдария губерниясы Қазалы уезі Шыбынды болысының 1 - ауылында балықшы отбасында өмірге келген. Бұл ауыл кейін, кеңес өкіметі жылдарында Арал ауданы Сайғонды ауылдық Советінің, кейін Райым ауылдық Советінің аумағында болды. Ақынның шыққан тегі – Әлімнің Айдарбек аталығынан, Ардана руынан тарайды. Ол 1923-27 жылдары Сайғонды бастауыш мектебінде, 1927-29 жылдары Қазалы қаласындағы темір жол мектебінде оқыса, 1929-1931 жылдары Арал қаласындағы педагогикалық техникумда білім алған. Бұдан соң ол 1931-32 жылдары Арал қаласында балық өсіру жөніндегі қысқа мерзімді курстарда оқып, 1932-33 жылдары Шөмішкөл колхозында статист-счетовод болып істеген. Бұл кездің өзінде ол ақын ретінде, тілші ретінде елге таныла бастайды да газетке қызметке жіберіліп, 1933 жылдың қазаны мен 1936 жылдың маусымы аралығында Арал аудандық «Социалистік Арал» газетінде жауапты секретарь қызметін атқарады. Осы тұс оның сықақшы ретінде көрінген кезі еді. 1936 жылдың маусымы мен қазаны аралығында Ақтөбеде облыстық партия комитеті жанындағы партия қызметкерлері курсына оқыған ол 1936 жылдың қазаны мен 1943 жылдың қазаны аралығында Арал аудандық «Социалистік Арал» газетінің жауапты редакторы болады.

Бәлкім, сол тұстағы саясат солай болды ма, бәлкім ақынның өзі қалады ма, кім білген, аудан, облыс газеттерінде өлең-жырлары жиі жариялана бастаған оны бұдан соң соң Мәскеуге оқуға жібереді. 1943 жылдың қазанынан 1944 жылдың тамыз айының ортасына дейін БК(б)П Орталық Комитеті жанынандағы орталық газет қызметкерлерінің курсына оқыған ол елге оралып, 1944 – 1947 жылдары Арал аудандық «Социалистік Арал» газетінің жауапты редакторы болып еңбек етеді.

1940 - 47 жылдары аудандық партия комитетінің мүшесі, 1939-47 жылдары қалалық Советтің депутаты, 1935-45 жылдарда аудандық комсомол комитетінің мүшесі, республикалық «Социалистік Қазақстан» және Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» газеттерінде тілші болған ақын аудандық газеттің жауапты редакторлығынан белгісіз себептермен Арал балық өнеркәсібіне қызметке жіберіледі. 1947 жылдың мамыр айынан 1953 жылдың шілдесіне дейін Арал рыбаколхозсоюзда аға инспектор болған ол 1953

жылдың шілдесінен өмірінің соңына дейін Арал мемлекеттік балық тресі басқарушысының кадр бөлімі жөніндегі көмекшісі қызметін атқарады. Талантты ақын 1962 жылы 2 қазанда 49 жасқа қараған шағында өмірден озады.

Ақынның қызметтен шеттетілуіне қатысты ел аузында бірнеше әңгімелер бар. Соның бірінде ақынға сол кезде Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Ешкенов деген татардың қиянаты айтылады. Ұлтжанды ақын қазақтарға менсінбей қарайтын хатшымен бірнеше рет сөз алысып қалса керек, бірде бір топ қызметкерлер жиналған ортада біреу одан: «Қалеке, Арал мен Қазалының қандай айырмашылығы бар?» - деп сұраса керек. Сонда ақын ойланбастан:

Арал менен Қазалы қатар отыр

Өзгеге бас шұлғимыз қазақ пақыр.

Қазалыны басқарса өз қазағым

Ал, Аралда шақша бас татар отыр, - десе керек.

Осы жалғыз шумақ өлең Ешкеноке де жетіп, ақынның редакторлық қызметтен ғана емес, жалпы газет қызметінен кетуіне әкеп соқтырса керек. Бірақ, бұл ақынды мойыта алған жоқ, оған ақын қаламынан туып, газеттерде жарияланған өлең-жырлар мен мақала, очерктер куә болары анық.

Қазіргі кезде 49-50 жас деген шама бізге онша үлкен жас көрінбейді ғой, ал 1950-60 жылдары ол қарттыққа қадам басқан кезең болып саналатын болса керек. Өйткені, Қалас ақын аудандық «Социалистік Арал» газетінің 1960 жылғы 29 желтоқсанда жарияланған «Тәрбие мектебі» атты мақаласына қарт журналист Қалас Сәрсенбаев деп қол қойған екен.

Жалпы Қалас Сәрсенбаев шығармашылығын қаламгердің поэзиясы, прозасы және публицистикасы деп бөле қарасақ, деректер оның поэзия мен публицистикада айрықша еңбек етіп, ерекше қолтаңбамен көрінгенін көрсетуде. Ақын ел өмірінің олқылықты, кемшін тұстарын сынаумен, сықақ, фельетондар арқылы аша көрсетумен қатар, жетістікті тұстарды, еңбек озаттарын шабыттана жырға қосады. Елдің өткені мен өзі көріп, біліп отырған бүгінгі қаламгер назарынан қағыс қалмай, көркем сөз кестесіне түседі. Тіпті, оған мысалды алыстын іздемей-ақ, жоғарыда аталған мақаласынан дәйек алуымызға болады. Ол 1930-35 жылдардағы ел өмірі туралы қысқаша баяндай келіп, содан бергі кезеңдегі аудандық газеттің тәрбие мектебі болғандығын нақты фактілер арқылы суреттейді. 1930 жылдардағы газеттің рөліне баға беріп, ауыл тілшілерінің қиын жағдайларда да газеттен қол үзбегендерін, жаулардың оларға жасаған зұлымдықтарын, ауыл тілшілерін көбіне бүркеншік атпен жариялағандарын айта келіп: «...Қазіргі Қарақұм совхозынан Шарапов деген мұғалім-тілші үзбей мақала жазып, редакциямен байланыс жасап жүретін. Ол өте сауатты да дарынды жігіт еді. Жасында жетім қалып, байлар мен кулактардың тепкісінде өскен. Бір күні сол Шараповты өлтіріп кетті деген хабар естідік. Бірақ жаулар құтыла алмады. Олар жедел ұсталып, тиісті жазасын алды. Жағдайдың осындай қиындығына қарамастан аудандық «Екпінді балықшы» газеті үзбей шығып тұрды.

Бұл газет талай кадрларды тәрбиелеп, өсіруге көмектесті. Қазіргі Қарақұм совхозының директоры Байжан Бижанов, Арал совхозы партия комитетінің секретары Мәнеп Әбішов жолдастар «Социалистік Аралдың» белсенді тілшілері болды. Жазушы Тойбазар Елемесов, журналистер Нағашыбай Нұрпейісов, Жұмағали Елеуов және басқалары осы газетпен тығыз байланыста болып, тәрбие алғандар еді. «Социалистік Арал» газеті жарыққа шыққаннан бері қарай тәрбие мектебі болып келеді», - деп жазады.

Осы тұста айта өтетін бір жәйт – ел тарихына бүгінгі күн тұрғысынан қайта баға беріліп жатқан қазіргі кезде аудан, облыс өлкетанушылары, тарихшылары мен журналистері облыс мәдениеті мен тарихына айрықша назар аударса Қалас Сәрсенбаев білім алды делінетін Арал педтехникумының, аудандық газеттер мен баспаханалардың тарихы, тілшілер туралы деректер көп мәселенің сырын ашар еді. Тіпті, 1930 жылдары бай-кулактар қолынан қаза табатын Аралдық тілші-мұғалім Шарапов деген кім, оның жарияланған еңбектері сақталған ба деген сауалдарға жауап іздеудің өзі өлке тарихына қатысты жаңа деректерге қол жеткізері анық деген ойдамыз.

Қ.Сәрсенбаев шығармаларының барлығы да көркемдік деңгейі жоғары, кемел дүниелер еді деуден аулақпыз, алайда, оның сықақтары мен өлең-жырларынан шеберлік нышандары, көркемдік ізденістер анық аңғарылады. Қай ақын болмасын өз заманынан тыс болмасы белгілі. Қалас ақын да сол заман керуеніне ілеседі, елдегі жетістіктерді, жаңалықтарды, табысты, еңбек озаттарын, шекарашыларды, еңбеккер әйелдерді, ел қорғаған азаматтарды, майдангерлерді, ерлікті шабыттана жырлап, жатыпішер, жалқауларды сықақ етеді. Мәселен, 1930 жылы қараша айында «Екпінді балықшы» газетінде жарияланған «Гүлдей жайнап той өтті» өлеңінде ақын:

Еңбекшіге теңдік берген,
Ұлы Октябрь күні еді.
Біріккен күш қайратымен
Алып берген кім еді.

Зұлым жауыз қорлығына
Қайратты ерлер көнбеді.
Капиталдан кек ап беріп,

Міне Октябрь тендеді, - деп жырласа, 1958 жылы 29 қазанда жарияланған «Құттықтаймын» атты өлеңін ел жастарының мерекесіне арнайды.

...Бес орденің жеңіс, табыс-қаруың,
Алдымыөда қыруар іс, ауыр сын.
Ленин типті қайраткер бол, еңбек ет,
Жас қыраным - комсомолым - бауырым.

Сенің ісің мәңгі шырақ - шұғыла,
Күллі әлемнің қызы менен ұлына.
Шық ілдірмей шапшаң алға баса бер,
Мол табыспен коммунизм шыңына!

Ақын шығармаларынан сол дәуір үні естіледі. Ал, бүгін біз ол кеңес дәуірін мадақтаған екен деп ақын шығармашылығынан бас тарта алмасымыз да анық. Өйткені, көркемөнер халыққа қызмет етеді, адамзат баласының дамуына үлес қосады емес пе. Ақынның «Жырмен шықтым жорыққа» атты өлеңі оның жыр табиғатын, өдең құпиясын біршама игергенін көрсетеді.

Едім бала,
Атой сала,
Қару-жарақ қолға алған.
Талап – тасқын,
Жеттім, астым
Талай биік шыңдардан.
Бақытты елдің
Даңқты ерін
Мадақтадым, жырладым
Ұлы істі
Құрылысты
Өршітуде тынбадым...

Ақын жырларының бір саласы – тәлімдік, тәрбиелік өлеңдер. «не қандай», «Кейбіреулерге», «Нақыл өлең» және т.б. өлең-жырлары оның бұл бағытта да өнімді еңбек еткенін байқатады.

Санасызға сан айтсаң да қонбайды,
Сабырсыздың әрекеті оңбайды.
Опасыздан түңіл, мүлдем жолама
Өзәзілдер қапылыста қорлайды.

Кемеңгердің шешімі әділ, ақылды,
Жаныңмен ұқ ондай асыл нақылды.

Намыс пен ар ер жігіттің серігі

Көпке ортақ бол, көрмей туыс-жақынды... – деп жыр кестесін төгеді қалас ақын «Нақыл өлең» атты шығармасында. Тағы бір айта өтетін жәйт ақын өлеңдерінің өмірге келуі нақты оқиғалармен байланыста болуында. Оның кей өлеңдерінен көптеген кісі есімдерін кездестіресіз, бұл дегенің бір жағынан дереккөзі де ғой. Мәселен, ақын 1960 жылы 16 сәуірде жарияланған «Лениннің атымен» атты өлеңінде:

... Бұл жорықта еңбектері елеулі
Қарт коммунист Медетбаев Төкеннің,
Уайыс, Шамша, Өтеп, Сұлтан, Байнияз,
Мақсұтқали, Бахит, Шәріп, Әленнің.
Еңбек қызды қажырлы да өнімді,

Ол жаңартты өңірді де өмірді... – деп Лениннің Арал балықшыларына жазған хатына іспен жауап берген озат еңбеккерлер есімін атайды. Ойлана қарасақ, осы азаматтардың қай-қайсысы да зерттеу нысаны болуға сұранып тұрған жоқ па.

Біздің бір мақала көлемінде ақынның бүкіл шығармашылығын қамти алмасымыз да белгілі. Дегенмен қолдағы шығармалар ақынның өз дәуірінің жыршысы болғанын, елдікті, ерлікті жырлағанын, жалқау, жатыпшір, арамтамақтарды өлеңмен түйрей сынағанын көрсетеді. Ақын жырларында метонимия қолданылысына ерекше міндет жүктейді. Троптың осы бір түрі, яки алмастыру, өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдануды ақын Қ.Сәрсенбаев өз шығармашылығында жиі және шебер пайдаланған қаламгер. Оған дәлел, дәйек боларлық мысалдар көп – ақ. Сол сияқты оның көптеген өлеңдері дидактикалық сарында жазылған сияқты болып көрінуі, сөйте тұра, дәстүрлі жыраулық поэзия кереметін бойына сіңіре жаңаша жырлауы және мұның кейде салыстыру, екі қарама – қарсы жәйтті қатар ала суреттеуге ұласып жататыны да Қ.Сәрсенбаев шығармашылығын арнайы зерттеу нысаны жасау керек деген ойды бекіте түседі. Сонымен, Сыр сүлейлерінің жалғасы Қ.Сәрсенбаев шығармалары Арал-Сыр өлкесі әдебиетінде өзіндік орны бар көркем дүниелер және ақын шығармашылығы ғылыми зерттеу нысанына айналуы керек деген тұжырым жасай ой қорытамыз.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

филол.ғ.к., доцент Алдажар Әбілов

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Федин К. Жастық шақ және талант// Сөзстан 3-кітап.
Алматы;Жалын,1982.-121-129 б.
2. Негимов С. Өлең өрімі
Алматы; Ғылым,1980. -136 б.